

§16

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-де АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙНДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Ереже 2007 жылдың 27 шілдесіндегі ҚР «Білім беру туралы» заңы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жарғысы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ішкі тәртіп Ережелері негізінде жасалды.

2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысы күндізгі бөлімде оқитын қабілетті студенттерді, магистранттарды ынталандыруға арналған. Олар сәйкес білім бағдарламамаларын жақсы меңгерген, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, университеттің көркем өнерпаздар ұйымына, мәдени-бұқаралық жұмыстарға белсенді қатысатын, тек қана «өте жақсы» және «жақсы» бағаға ие болған білім алушылар.

3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысы университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен немесе басқа ұйымдар мен қорлардың есебінен оқу жылы бойы атаулы шәкіртақы тағайындау туралы бұйрықтан кейін айдың 1 күнінен бастап беріледі, егер университет ректорының немесе университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімінде басқа шарттар келтірілмесе.

2. Атаулы шәкіртақы түрлері

4. Атаулы шәкіртақының 5 түрі тағайындалады.

5. Ө.А. Жолдасбеков атындағы үш шәкіртақы - 1 семестр мерзіміне оқу озатының бір айлық мемлекеттік шәкіртақысына тең (мемлекеттік шәкіртақы +15%) көлемде беріледі, оның ішінде:

- гуманитарлық бағыттағы мамандықтар бойынша білім алушылар үшін біреу;
- жаратылыстану бағыттағы мамандықтар бойынша білім алушылар үшін біреу;
- «Механика» мамандығы бойынша білім алушылар үшін біреу.

6. А.З. Закарин атындағы бір шәкіртақы механика-математика факультетінің студенті үшін 1 семестр мерзіміне оқу озатының бір айлық мемлекеттік шәкіртақысына тең (мемлекеттік шәкіртақы +15%) көлемде беріледі.

7. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың I дәрежелі бір шәкіртақы 1 семестр мерзіміне оқу озатының бір айлық мемлекеттік шәкіртақысына тең (мемлекеттік шәкіртақы +15%) көлемде көркем өнерпаздар ұйымына, мәдени-бұқаралық жұмыстарға белсенді қатысатын студентке беріледі.

8. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II дәрежелі екі шәкіртақы 1 семестр мерзіміне бір айлық мемлекеттік шәкіртақысына тең көлемде көркем өнерпаздар ұйымына, мәдени-бұқаралық жұмыстарға белсенді қатысатын студенттерге беріледі.

9. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың III дәрежелі үш шәкіртақы 1 семестр мерзіміне бір айлық мемлекеттік шәкіртақысының жартысына тең көлемде көркем өнерпаздар ұйымына, мәдени-бұқаралық жұмыстарға белсенді қатысатын студенттерге беріледі.

3. Шәкіртақы алушыларды таңдау критерийлері

10. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысы күндізгі бөлімде оқитын академиялық үлгерім көрсеткіші жоғары, халықаралық және республикалық конференциялардың жеңімпаздарына, жалпы университеттік, аудандық, қалалық, республикалық және халықаралық конкурстардың, фестивальдер мен жарыстардың жеңімпаздары, лауреаттары және ғылыми зерттеуде жетістіктерге жеткені үшін, көркем өнерпаздар ұйымына, мәдени-бұқаралық жұмыстарға белсенді қатысатын студенттер мен магистранттарға тағайындалады.

11. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысын алу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақы тағайындау кезінде басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес атаулы шәкіртақы алмайтын күндізгі бөлімнің 2-4 курс студенттері және магистранттар үміткер бола алады.

4. Атаулы шәкіртақыны тағайындау және төлемді тоқтату реті

12. Атаулы шәкіртақыны тағайындау декандардың ұсынысы негізінде Ғылыми Кеңес шешімі бойынша ректордың бұйрығымен іске асырылады.

13. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақыны төлеу мынадай жағдайда тоқтатылады:

- шәкіртақы алушы университеттен шығарылғанда;
- емтихандық сессия нәтижесі бойынша қарыздары мен қанағатанарлықсыз бағасы болғанда;
- шәкіртақы алушы 6 ай және одан көп уақыт іссапарда болғанда;
- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ішкі тәртібін бұзғанда;
- академиялық демалыс алғанда.

14. Мұндай жағдайда атаулы шәкіртақыны төлеу туралы шешімді факультет деканының немесе Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының мәлімдемесі негізінде оқу ісі жөніндегі проректордың келісімімен ректордың бұйрығы бойынша іске асады.

15. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату шәкіртақы алушы оқитын факультет деканы ұсынған мәлімдеме негізінде университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен ректордың бұйрығы бойынша іске асырылады.

16. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атаулы шәкіртақысын алу үшін құжаттарды, атаулы шәкіртақыны төлеуді тоқтату туралы құжатты дер кезінде рәсімдеуге факультет деканы жауапты.

17. Оқу үрдісін жоспарлау және қамтамасыз ету бөліміне келесі құжаттарды тапсырған үміткерлер шәкіртақы алу іріктеуіне қатыса алады:

- а) транскрипт;
- б) факультет басшыларының қолдау хаты;
- в) факультеттің Студенттер мәслихатының, Студенттер сенаты оқу комиссиясының мәжілістерінің хаттамалар көшірмелері;
- г) факультет деканының және ІІІ ІС ұсыныстары.

5. Қорытынды ережелер

18. Осы Ереже университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен өзгеруі және толықтырылуы мүмкін;

19. Осы Ереженің түпнұсқасы университеттің Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде бекітіліп, Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің Оқу үрдісін жоспарлау және қамтамасыз ету бөлімінде сақталады.